

^{*1}Талдыбаева Д.А.  ²Эгамбердиев М.Ш. 

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹mirzahan.egamberdiyev@gmail.com, ²dinara.aydarkhan@gmail.com

ТҮРКИЯНЫҢ КИНОИНДУСТРИЯСЫН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақала Қазақстан мен Түркия қарым-қатынастарының бір бағыты мәдени байланыстарды күшейтуге арналған. Бұл екі ел арасында мәдениет, білім беру және басқа да қатынастарды реттеп дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Соның ішінде Түркияның киноиндустриясының Орталық Азия және Қазақстанмен қарым-қатынасын жұмсақ күш саясаты ретінде қарастыру елдер арасындағы қоғамдық дипломатияның айқын көрінісі болып табылады. Бұл ретте Түркияның дамыған киноиндустриясын жұмсақ күш ретінде пайдалануы аймақтағы мәдени жағдай мен кино саласының дамуына және ортақ түркілік құндылықтарды насихаттап өзара ықпалдастық орнатуға мол септігін тигізуде. Мақаланың мақсаты, Түркияның Орталық Азия мен Қазақстан арасындағы киноиндустриясын жұмсақ күш саясаты құралы ретінде талдау болып табылады. Түркия киноиндустриясының жұмсақ күш ретінде зерттеу үшін арнайы зерттеулер мен сараптамалық талдауларды зерделеп, статистикалық деректер салыстырылды. Нәтижесінде Түркияның қоғамдық дипломатия саласының бір бағыты ретінде киноиндустрияның қолға алынуы аймақта мол нәтиже беріп отырған саяси құрал ретінде талданады. Бұл бауырлас елдер арасындағы өзара ынтымақтасты күшейтіп мәдени қарым-қатынастардың жаңа деңгейіне көтерілуіне мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, Түркия мен Орталық Азия және Қазақстан арасындағы киноиндустрия саласының дамуы қоғамдық дипломатияның жаңа форматта дамуына негіз болып отыр. Сонымен қатар, елдер арасындағы мәдени байланыстарды дамытудың стратегиялық жоспарларын айқындайды.

Кілт сөздер: Түркия, Қазақстан, Орталық Азия, киноиндустрия, қоғамдық дипломатия, жұмсақ күш саясаты, мәдениет, халықаралық қатынастар.

Кіріспе

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Түркиямен қарым-қатынасы әртүрлі салаларда дами бастады. Екі ел арасындағы қарым-қатынастар экономика, саясат, мәдени және басқа да көптеген бағыттар бойынша дамып келеді. Қазақстан мен Түркия арасындағы бұл салалардағы қарым-қатынастары екі ел арасында ғана емес, сонымен қатар бүкіл Орталық Азия аймағындағы саяси және мәдени қатынастардың өзегіне айналды. Себебі Қазақстанның Орталық Азиялық елдер арасындағы посткеңестік мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастары көп векторлы байланыстарға негізделген болатын. Бұл Қазақстанның экономикалық тұрғыда көш ілгері дамып, аймақтағы саяси қатынастардағы іргелі мемлекет ретінде орнығуына мүмкіндік берді. Ендігі жағдайда Қазақстанның Түркиямен қарым-қатынасының бағыттары мен басымдықтары Орталық Азия елдері үшін де маңызды дипломатиялық бағыт екені анық. Ал Түркия үшін тамыры тереңде қарым-қатынасқа орныққан бауырлас түркі елдерімен байланыс орнату сыртқы саясатының басты бағыты болды. Бұл ретте Түркия мен Орталық Азия аймағы елдері арасындағы қарым-қатынастардың дамуы өзара консенсуске және ортақ мүдделерге негізделгені анық. Елдер арасындағы орнатылған қарым-қатынас бағыттарының барлығы да өзара тиімділікке алып келді. Осы тұрғыда Түркияның киноиндустрия саласын Орталық Азия елдеріне «жұмсақ күш» ретінде

қолдануы, қоғамдық дипломатияның басым бағытының бірі ретінде түсіндіріледі. Сондықтан Түркия өзінің киноиндустриядағы мол мүмкіндігін пайдаланып, елдер арасында ортақ мәдени құндылықтарды насихаттауға, тарихи сабақтастықты қайта жандандыруға басымдық беріп отыр. Бұл Түркия үкіметінің соңғы жылдарда аймақта прокатқа беріліп отырған көп сериалды фильмдерінің дені тарихи тақырыптарға түсірілгенінен байқауға болады. Мұндай тарихи фильмдердің елдер арасында кең таралуы ортақ тарихи сабақтастықты қайта тірілтіп, одан әрі дамытып келеді.

Материалдар мен әдістер

Мақалада Түркия мен Қазақстан және Орталық Азиядағы түркі елдері арасындағы ортақ келісімдері мен дипломатиялық құжаттарына негізделген. Сонымен қатар зерттеу барысында қазақ, орыс және түрік тіліндегі әртүрлі деректер пайдаланылды. Бұл деректер халықаралық деңгейдегі құжаттар, іс жүргізу құжаттары және статистикалық мәліметтерден тұрады. Мақала тақырыбын зерттеу барысында тарихи-жүйелілік әдісті пайдалану өз тиімділігін береді. Мұнда Түркия мен Қазақстан арасындағы екі жақты келісімдеріне баға беруге мүмкіндік береді. Сол сияқты тарихи-салыстырмалы әдістерді қолдану тақырыпты жан-жақты талдауға және Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстардың басымдықтарын анықтауға негіз болды.

Талқылау

Түркия мен Орталық Азия мемлекеттер және Қазақстанның қарым-қатынастары жөнінде біраз зерттеулер жүргізілген. Алайда отандық тарихнамада Қазақстан мен Түркия арасындағы посткеңестік кезеңге арналған зерттеулер айтарлықтай көп емес. Мақаланың зерттеу объектісіне сәйкес нақты зерттеулер тіпті жоқтың қасы. Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастарға қызығушылық танытқан авторлар арасында көпшілігі екі елдің экономикасына, білім беру мәселесіне және басқа тақырыптарда ізденістер жүргізген. Мұндай зерттеулер негізінен ресейлік авторлар тарапынан көрініс тапты. Бұлардың қатарында А.А. Куртовты, Р.М. Мухамеджановты, Л.Х. Матюнинаны, А.В. Грозинді, К.Ф. Затулиндерді атап өтуге болады. 1990 жылдаран кейін Түркияның Орталық Азиядағы саясатын ресейлік авторлар жіті қадағалады. Соның ішінде А.А. Куртов Түркия мен Орталық Азия елдерінің саяси қарым-қатынасына назар аударды (Куртов, 1997: 25). Ал К.Ф. Затулина мен А.В. Грозинның және В.Н. Хлюпинаның зерттеулерінде авторлар қазақ-түрік әскери байланыстарына тоқталады. Мұнда зерттеушілер Орталық Азияда саяси тұрақтылықтың негізі әскери тұтастықта емес екенін айта келіп, Түркия Қазақстанмен әскери байланыс орнатуға мүдделі деп көрсетеді (Затулин, 1998: 41–42). Р.М. Мухамеджанованың зерттеулерінде 1990 жылдары Түркия Қазақстанмен қарым-қатынас жасауда энергетикалық ресурстардың мол қазынасына қол жеткізуге ниетті болды деп тұжырымдайды (Мухамеджанова, 2005: 50–51). Қазақстан мен Түркия қатынастарындағы үлкен бағыттардың бірі білім саласындағы байланыстар болып табылады. Бұл жөнінде Ю.А. Лидің зерттеулері арналады. Автор өз ізденістерінде Түркияға білім алуға келіп жатқан студенттердің ішінде түркі тілдес халықтардың басымдығына талдау жасайды. Соның ішінде Қазақстаннан оқуға барып жатқан студенттердің белсенді екеніне тоқталады. Сол сияқты Қазақстанда Қ.А. Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің құрылғанын екі ел арасындағы байланыстардың жетістігі ретінде түсіндіреді (Ли, 1997: 97).

Қазақстандық авторлар арасында Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастарға Г.А. Байгарина, К.К. Тоқаев, М. Лаумулин, Г. Рахматулина, А. Орсариев, У.Т. Касенов, Г.Б. Рахманов, Л.С. Суворов және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атап өтуге болады. Бұл авторлардың арасында К.К. Тоқаевтың ізденістеріне тоқталса болады. Ол өз зерттеулерінде Түркия мен Қазақстанның сыртқы саясатында Анкараны Астананың стратегиялық серіктесі ретінде түсіндіреді (Тоқаев, 2000. 204–208). Ал Г. Байгаринаның

зерттеулерінде Қазақстан мен Түркияның мәдениет саласындағы екі жақсы келісімдері талданады (Байгарина, 1999: 281–282). Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдени байланыстарға байланысты басқа да авторлардың зерттеулерінде шолулар жасалған (Хан, 2001: 245–263).

2000 жылдардан кейінгі жүргізілген зерттеулерде авторларды Түркияның Орталық Азия елдеріне жүргізіп отырған саяси ұстанымдары қызықтырды. Сондай авторлардың бірі М. Лаумулиннің ізденістерінде Анкара Батыс пен Шығыс арасындағы көпір қызметін атқаруға ниетті екенін жазады (Лаумулин, 2003: 69). Түркияның Орталық Азиядағы сыртқы саясатына қатысты мәселелер Н. Абисеваның да ізденістерінен көрініс тапты (Абисова, 2003: 14).

Қазақстан мен Түркия арасындағы білім беру саласына А.С. Жұмаділованың диссертациялық жұмысы арналды. Бұл зерттеуде 1992 жылдан бастау алған қарым-қатынастардың даму көрсеткіштері салыстырылып талданған (Жумадилова, 2004: 79–84).

Түркияның Орталық Азия және Қазақстан арасындағы байланыстарды зерттеуге түркиялық авторлардың да маңызы зор. Түркиялық авторлардың зерттеулері тұтас Орталық Азия аймағына арналған Түркия саясаты көрсетіледі. Мысалы, И. Бал өз зерттеулерінде Түркияның Орталық Азиядағы саясатын «түрік моделінің» таралуын және оның сәтсіздіктеріне тоқталады (Bal, 1998: 3). Түрік авторларының ішінде Л. Яныктың зерттеулерінде Анкараның білім беру ісіндегі саясаты Орталық Азия елдеріндегі түркітілдес мемлекеттердің элитасының түрік тілді үйреніп және түркі мәдениетімен таныс екенін көрсетеді (Yanik, 2004: 293–307). Түркі тілдес халықтар арасындағы мәдени байланыстарға А.Л. Куртунч, Г. Пултардың ізденістері арналды. Зерттеулерде түркі елдері арасындағы мәдени байланыстар Түркияның сыртқы саясатына негізделі отырып қалыптасып кел жатқаны айтылады (Pultar., 2004:141).

1896 жылдан бастау алатын Түркия киноиндустриясы жылдан жылға қалыптасып дамып отырды. Алғашқы кездері «Босфор понарамасы», «Түрік әскерінің шеруі» сияқты бейне материалдар түсірілді (Абдуллин., Валеев., 2016: 208–109). Тарихи кезеңдерден өтіп келген Түркия киноиндустриясы 2000 жылдан бастап жаңа кезеңді басынан өткізді. Бұл 2005 жылғы Түркияның сыртқы саясатындағы қоғамдық дипломатияның дамуымен түсіндіріледі. Қоғамдық дипломатия өркениеттер арасындағы саяси, идеологиялық және діни, адамгершілік құндылықтарды реттеуге мүмкіндік береді. Қоғамдық дипломатиядағы «жұмсақ күш» саясаты адамдарды өзара тарту арқылы біріктіреді. Түркия үкімет басына Әділдік және даму партиясы келгеннен кейін мемлекеттік сыртқы саясатында да бірқатар өзгерістер болды. Бұл біріншіден көрші мемлекеттермен ешқандай мәселеде жанжалдаспау. Түркияның бұл саяси бағыты тек көрші мемлекеттерге емес, тұтас Орталық Азия елдеріне де ықпал ете бастады. Бұл тұрғыда Түркия жұмсақ күш саясатының басты негізі ретіне музыка, кинематография, телевидение сияқты салаларды түсінді (Стародубцев, 2012). 1990 жылдары түрік киноиндустриясы елдің ішкі саясатының шеңберінде болды. Бұл жағдай 2000 жылдың басына дейін созылды. 2000 жылдардағы қоғамдағы демократиялық үрдістер мен экономикалық даму кинематографияның дамуына және қоғамның маңызды тақырыптарына фильмдер дайындауға жағдай жасады. Түркі киноиндустриясының өнімдері әлемдік белгілі кинофестивальдерге қатыса бастады (Sevic, 2012: 7). Алайда 1990 жылдардан бері Түркияда негізінен АҚШ, Мексика, Бразилияның сериалдары көрсетіліп келді. Жағдай тұтас медиа саладағы өзгерістерден кейін ғана өзгере бастады. Нәтижесінде соңғы кезеңдерде түрік киноиндустриясы тек ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, сыртқы қатынастардағы «жұмсақ күш» саясатының құралына айналды. Кино саласының аз уақыт ішінде күрт дамуы Түркия үкіметінің арнайы жобасы болмағанын көруге болады. Бұл Түркияның аймақтағы лидер болуына ұмтылуымен ғана түсіндіріледі. Медиа саладағы ұтқырлық, ақпаратты жылдам меңгеру бұл елдің осы салада ілгері жүруіне жағдай жасады.

Зерттеу нәтижелері

Қ-Ж. Кемелұлы Тоқаев бастаған «Жаңа Қазақстанның» орнауы еліміздің ішкі және сыртқы саясатында бірқатар өзгерістер алып келді. Мысалы, Президенттің ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық және құқықтық реформалары Қазақстанның сыртқы саясатының бағыт-бағдарына да ықпал етіп отыр. Мысалы, 2019 жылдан кейінгі Қазақстанның саяси бағыттары тәуелсіздік алғаннан кездегі бағыттарды қайта қарау керек екенін түсіндірді. Соның ішінде Қазақстандағы «қаңтар оқиғасы» елдің әлеуметтік саясатының ескіріп жаңа бағыттардың қажеттігін анықтады. Елдегі орын алып отырған мұндай жағдайды байқап отырған әлемдік қауымдастық Қазақстанның жаңа саяси бағыттары мен қадамдарына сын көзбен қарайды. Соның ішінде жақын шетелдегі болып жатқан саяси өзгерістер мен дүрбелеңдер Қазақстанның халықаралық аренадағы пікірі мен орынын анықтап, оның тұрақтылығын көрсетеді. Бұл арада Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени қарым-қатынастардың орыны ерекше.

Жаңа Қазақстан жағдайында Қазақстан мен Түркия қарым-қатынасының қоғамдық дипломатиялық тұрғыда жаңа кезеңді бастады десек болады. Бұл екі елдің әуелгі қарым-қатынас бағыттарының жетіліп, өзгергенін және одан әрі дамығанын көрсетеді.

Бұл қарым-қатынастардың негізгі бағыттары өнер-мәдениет, ғылым-білім және кино саласын ерекше қарастыруға болады.

2000 жылдардан бастап түрік сериалдарының саны өсе бастады, 2008 жылы әлемде түрік сериалының маңызы жоғарылады. Сериал түсіру Түркия үкіметінің экономикасына тікелей тәуелді болмайтын болды. Осы кездің өзінде түрік сериалдарынан түсетін қаржының көлемі өсіп, оның аудиториясы 75 мемлекеттік қамтыды. Оның ішінде Орталық Азия, Таяу Шығыс, Балқан және Африка елдері бар. Оның сыртында «Сұлтан Сүлеймен» сериалын Ресей, Италия және Қытайда да көрсетілді (Cevic, 2014: 7).

Ау Yarım кино компаниясының деректеріне сүйенсек 2008 жылдары түрік сериалының бір сериясы 4000 доллардан сатылса, 2013 жылдарға қарай бір серияның құны 150 000 долларға дейін жеткен (Candemir, 2013).

Түрік сериалдарының экономикалық және мәдени-саяси жетістіктері Түркияның туризмінің дамуына да өз ықпалын тигізуде. Жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған туристер сериалдан көрген Стамбул қаласын көруге келеді (Abdurrahman, 2012).

Орталық Азиядағы түрік сериалдарының кең таралуы бауырлас халықтар арасында ортақ мәдениет пен тарихи сабақтастық тұрғысында еркін дамыды. Түркия сериалдарының кейінгі кездерде тарихи тақырыптарға түсіріле бастауы түркі халықтарының жақындастыра түсті. Жалпы тарихи тақырыптағы фильмдер тек Орталық Азия түркі халықтарына ғана емес, сонымен қатар Осман империясы тұсында бір тудың астына біріккен мұсылман әлеміне де жат болмады. Бұл тұрғыда Түркияның түсіріп жатқан сериалдары жұмсақ күш саясатын функциясын толыққанда орындай алды.

Жалпы Түркияда түсіріліп жатқан кино өндірісінің сырт елдерге жан-жақты әсер етуде. Оның бірі сериалдардағы әртүрлі оқиғалар мен кейіпкерлер бейнелеп отырған әлеуметтік жағдай қарапайым халықтың күнделікті тұрмыстық мәселелерін көрсетеді. Сонымен қатар, телехикаялардағы махаббат пен кешірілмес кек қайтару кино көрушілерді өзіне тарта түседі. Түсіріліп отырған сериалдардың сценарийінің әртүрлілігі халықты жаңа шытырман оқиғаға баурап алып отырады. Мұның барлығы Түркия киноиндустриясының жаңа моделі болып табылады (Зубкова, 2015: 57–59). Сондай-ақ Түркияның кино саласындағы жетістіктер тек экономикалық табыс емес, сонымен қатар көруші елдерге өз мәдениетін таныстырып, мәдени ықпалдастық орнатуда. Оның сыртында фильмдердегі актерлердің киім киюі, тұрмыс тіршілігі Түркиялық жеңіл өнеркәсіптің, тауарлардың да жарнамасына айналған. Бұл Орталық Азиядағы түркиялық брендтерді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде Қазақстан мен Түркия арасында киносаласында да ынтымақтастық орнатып ірі жобаларды қолға алып жатыр. 2022 жылы Түркияда өткен «Қорқыт ата кинофестивалінде» түркі халықтарының жаңа туындылары көрсетіліп, сала басшылары өзар келіімдерге келіп

отыр. Осы тұрғыда Түркияға жұмыс сапарымен келген министр Аида Балаева Ыстамбұлда орналасқан TRT телерадиокорпорациясының киностудия қалашығын аралады. Түркиялық киношылармен жете танысқан министр, сала мамандарынан жан-жақты ақпарат алып, ортақ телехикая мен фильм түсіру бойынша пікір алмасты. Екі елге ортақ тұлғалар жайлы сөз қозғап, сапалы жобаларды жүзеге асыру қажеттігі айтылды. Түріктің белгілі продюсері Эмре Конук, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізген. Мұнда екі елдің жетекші мамандары тарихи фильмдерге баса назар аударытынын айтты. Себебі ортақ тарихы бар түркі елдері үшін мұндай тақырыптағы фильмдердің сәтті шығатыны сөзсіз (Қазақстан мен Түркия киноиндустриясы, 2022).

Түркия мен Қазақстан арасындағы кино саласындағы байланыстар алдағы уақытта 6 бөлімнен тұратын Алып-Арслан тарихи телехикаясын түсіруді жоспарлаған. Халықаралық «TRT» киностудия қалашығының директоры Яхия Тайип Айдениз қазақстандық кино мамандарынан бөлек, «Хассак», «Nomad» сияқты этнофольклорлық оптармен жұмыс істеп жатқанын еткізді. Себебі, соңғы кездердегі Түркияның тарихи фильмдерінде домбыраның үні жиі естіледі.

Қазіргі кезде Түркия бүкіл әлем бойынша телехикая экспортында екінші орында тұр. 2018 жылы шетелге сатылған түрік туындыларының құны 500 миллион доллар болды. Тек қана «Сүлейман Сұлтан» телехикаясын 700 миллионнан астам көрермен тамашалаған. (Тілеубек, 2021.).

2022 жылы Бұсра қаласында өткен «Қорқыт Ата» түркі әлемінің фестиваліне Қазақстаннан «Дос-Мұқасан» көркем фильмі, «Мұқағали» өмірбаяндық драмасы, «Ұлы Дала Таңы» және «Ақ боз үй» тарихи таспалары, «Еуразия билеушілері» деректі фильмі, «Мұзбалақ» анимациялық картинасы және Қазақстан мен Татарстан бірлесіп шығарған «Тарлан» картинасы ұсынылды (Адырбек, 2022.). Еліміз атынан бұл шараға Қазақстанның Халық әртісі Нұржұман Ықтымбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жанна Қуанышева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ақан Сатаев, Азамат Сатыбалды, Жайдарбек Күнғожин, Сатыбалды Текеев, продюсерлер Анара Қашағанова, Айгүл Байбек, Алмагүл Тілеуханова, Айгүл Черендинова, режиссер Бекарыс Елубай сынды отандық кино майталмандары қатысты. Түркі елдері арасындағы кино саласындағы мұндай ортақ жобалардың іске асуы келешекте де жалғасын табатыны сөзсіз. Бұл киноиндустрия саласының қоғамдық дипломатияның басты бағыттарының бірі ретінде қалыптасқанын дәлелдейді. Түркі елдері арасындағы кино саласындағы өзара байланыстар әр мемлекет үшін өз тиімділігін арттырады. Себебі, соңғы жылдары Орталық Азияда Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстанның да кино саласындағы жеткен жетістіктері жетерлік.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Түркияның Орталық Азия мен Қазақстандағы жұмсақ күш саясатын жүргізуде киноиндустрияны құрал ретінде қолдануы бауырлас елдер арасындағы дипломатиялық қатынастардың көрнекті жетістігі болып табылады. Бұл Түркияның кино өндірісінің 2000 жылдардан бастап ілгері дамығанын көрсетеді. Сонымен қатар, 1990 жылдары АҚШ, Бразилия, Мексика сынды елдердің телехикаясына толған посткеңестік түркі мемлекеттеріндегі медиа саланы Түркия телехикаялары түбегейлі өзгертті. Түркияның қоғамдық дипломатияда кино саласына баса назар аударуы олардың Шығыс пен Батыс арасындағы көпір болуға ықыласты екенін көрсетеді. Бұл түркі халықтары арасындағы ортақ ынтымақтастықтың қажет екенін түсіндіреді. Кино саласының сыртқы саясатта осы бағытта дамуы бауырлас елдердің ортақ тарихи тақырыптарына арналған фильмдердің көрсетілуі болып табылады. Мұнда Селжұқ сұлтандығының және Еуразия даласындағы Түркі кезеңінің дамуының сипатталуы Орталық Азия халықтарын тарихи сана тұрғысынан жақындатады. Жалпы Түркияның кино саласындағы ілгері жылжуы экономикалық тұрғыдан да, мәдени ықпалдастық тұрғысынан да тиімді қадам болып табылады. Бұл 1990 жылдары басталған

посткеңестік елдермен саяси, экономикалық салада орнатылған байланыстардың екінші кезеңі ретінде қарастырса болады. Себебі, 2000 жылдарға дейін Түркия Орталық Азия елдерімен тікелей сауда, экономикалық байланыстарды нығайтты. Ал 2000 жылдардан кейінгі түрік телехикаялары мен фильмдерінің тез қарқынмен дамуы Анкараның жұмсақ күш саясатына жаңа серпін берді. Бұл ең алдымен түркі халықтары арасындағы өзара жақындықты дәріптеуге, ортақ тарихты және мәдени жақындықты насихаттаған болса, Таяу Шығыста діни тұтастық мәселесінде, Осман империясы кезіндегі бірегейліктің формаларын еске түсірді. Тұтас алғанда Түркияның жұмсақ күш саясатының құралы ретінде қарастырылып отырған киноиндустрия саласы 2000 жылдардың басынан өз жемісін беріп келеді.

Әдебиет:

Абдуллин, Валеев, 2016 – *Абдуллин А.М., Валеев Р.М.* Формирование и развитие Турецкой кинематографии в конце XIX – начале XX веков. // Вестник Казгуки. 2016. № 4. С. 108–109.

Абиесова, 2003 – *Абиесова Н.* Турция Центральная Азия: вчера и сегодня // Казахстан Спектр. 2003. № 3. С. 14.

Abdurrahman, 2012 – *Abdurrahman Ç.* «Muhteşem Yüzyıl'ı 150 milyon kişi izliyor» // <http://www.hurriyet.com.tr/gundem/22005105.asp>. (Erişim tarihi: 28.03.2025).

Адырбек, 2022 – *Адырбек Н.* Түркияда Қазақстан киносының күндері өтуде // Айқын, 2022. 04 қараша.

Байгаринова, 1999 – *Байгаринова Г.* Культурный диалог Казахстана и Турции: проблемы и перспективы // Циклы и кризисы в жизни общества. Материалы республиканской научнопрактической конференции. 1999. 26-27 ноября. Алматы, 1999. С. 281–282.

Bal, 1998 – *Bal I.* The Turkish model and the Turkic republic // Journal of International Affairs. September/November, Volume III–Number 3.

Тілеубек, 2021 – *Тілеубек М.* Қазақстан мен Түркия бірлесіп тарихи телехикая түсіреді // Егемен Қазақстан. 04 сәуір.

Жумадилова, 2004 – *Жумадилова А.С.* Международное сотрудничество Республики Казахстан в сфере образования (1991–2001 гг.): Автореф. дис. .канд. ист. наук. Алматы, 2004., Сотрудничество Казахстана и Турции в области образования // Вестникуниверситета «Кайнар». 2004. №3. С. 79–84.

Çevik, 2014 – *Çevik S.* Turkish Soap Opera Diplomacy: A Western Projection by a Muslim Source // Exchange: The Journal of Public Diplomacy, Vol. 5, Iss. 1, Art. 6.

Затулин, 1998 – *Затулин К.Ф.* Национальная безопасность Казахстана. Проблемы и перспективы. М., 1998. С. 41–42.

Зубкова, 2015 – *Зубкова А.И.* Мягкая сила Турции: феномен «soap power» как инструмент культурной дипломатии // Вестник РУДН, Серия Политология, 2015. № 2. С. 52–61.

Yanik, 2004 – *Yanik L.K.* The politics of international exchange: Turkish education in Eurasia // EuropeAsia Studies. Vol. 56. № 2. P. 293–307.

Candemir, 2013 – *Candemir Y.* Turkish Soap Operas: The Unstoppable Boom. Сілтеме: <https://eurasianhub.wordpress.com/2013/05/02/turkish-addictive-soaps-operas-the-unstoppable-boom/>. (Date viewed: 26.03.2025).

Куртов, 1997 – *Куртов А.* Турция и тюркоязычные государства Центральной Азии: любовь по расчету? // Россия и Турция на пороге XXI века: на пути в Европу или Евразию? М., 1997. Вып. 14. С. 25.

Қазақстан мен Түркия киноиндустриясы ..., 2022 – Қазақстан мен Түркия киноиндустриясы саласындағы ынтымақтастық. // <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/509698-aza-stan-men-t-rkiya-kino-industriyasy-salasynda-y-yntyma-tasty-ty-ny-ajtpa>. (Қаралған уақыты: 22.02.2025).

Лаумулин, 2003 – *Лаумулин. М.* Исламские игроки на центральноазиатском поле: интересы ближайших мусульманских государств в странах региона // Центральная Азия и Кавказ. 2003. №2. С. 69.

Ли, 1997 – *Ли Ю.А.* Турция и тюркские народы СНГ: сотрудничество в сфере культуры образования // Россия и Турция на пороге XXI века: на пути в Европу или Евразию? М., 1997. Вып. 14. С. 97.

Мукимджанова, 2005 – *Мукимджанова Р.М.* Страны Центральной Азии. Азиатский вектор внешней политики. М., 2005. С. 50–51.

Pultar, Kirtunc, 2004 – *Pultar G., Kirtunc. A.L.* Cultural Studies in Turkey: Education and Practice // https://www.researchgate.net/publication/242178585_Cultural_Studies_in_Turkey_Education_and_Practice. (Date viewed: 12.04.2025).

Стародубцев, 2012 – *Стародубцев И.И.* Некоторые теоретические подходы к формированию турецкой внешней политики в Центральной Азии в монографии А. Давутоглу «Стратегическая глубина». Ссылка: <http://www.iimes.ru/rus/stat/2012/07-06-12a.htm>. (дата просмотра: 22.03.2025).

Токаев, 2000 – *Токаев К.К.* Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. Алматы, 2000. 584 с.

Хан, 2001 – *Хан Г.Б.* Внешняя политика Республики Казахстан. Алматы., 2001. С. 245–263.

References:

Abdýllin, Valeev, 2016 – *Abdýllin A.M., Valeev R.M.* Formirovanie i razvitie Týreskoı kinematografıı v konse XIX – nachale XX vekov. [Formation and development of Turkish cinematography in the late 19th – early 20th centuries.]// Vestnik Kazgýkı. – № 4. – S. 108–109. (In Russian).

Abiesova, 2003 – *Abiesova N.* Týrsıa Sentralnaıa Azıa: vchera i segodná [Türkiye Central Asia: Yesterday and Today] // Kazakhstan Spektr. 2003. № 3. S. 14. (In Russian).

Abdurrahman, 2012 – *Abdurrahman Ç.* «Muhteşem Yüzyıl'ı 150 milyon kişi izliyor». [Magnificent Century is watched by 150 million people] // <http://www.hurriyet.com.tr/gundem/22005105.asp>. (Erişim tarihi: 28.03.2025). (In Turkish).

Adyrbek, 2022 – *Adyrbek N.* Túrkiada Qazaqstan kınosynıń kúnderi ótyde [Days of Kazakh Cinema are being held in Turkey] // Aıqyn. – 2022. 04 qarasha. (In Kazakh).

Baıgarınova, 1999 – *Baıgarınova G.* Kúltýrnyı dialog Kazahstana ı Týrsıı: problemy ı perspektıvy [Cultural Dialogue between Kazakhstan and Turkey: Problems and Prospects] // Sıkly ı krızısı v jızını obshestva. Materialy respýblikanskoı naýchnoprakticheskoı konferensıı. 1999. 26-27 noıabrá. – Almaty. – S. 281–282. (In Russian).

Bal, 1998 – *Bal I.* The Turkish model and the Turkic republic // Journal of International Affairs. – 1998. September-November, Volume III–Number 3. (In English).

Tileubek, 2021 – *Tileubek M.* Qazaqstan men Túrkiá birlesip tarıhı telehıkasıa túsiredi [Kazakhstan and Turkey to jointly produce historical TV series] // Egemen Qazaqstan. 2021. 04 sáyır. (In Kazakh).

Jýmadılova, 2004 – *Jýmadılova A.S.* Mejdýnarodnoe sotrıdnıchestvo Respýblikı Kazahstan v sfere obrazovaniı (1991–2001 gg.): Avtoref. dis. .kand. ist. naýk. [International cooperation of the Republic of Kazakhstan in the field of education (1991–2001)] Almaty, 2004., Sotrıdnıchestvo Kazahstana ı Týrsıı v oblasti obrazovaniı // Vestnikýniversiteta «Kainar». 2004. №3. S. 79–84. (In Russian).

Çevik S, 2014 – *Çevik S.* Turkish Soap Opera Diplomacy: A Western Projection by a Muslim Source // Exchange: The Journal of Public Diplomacy, 2014. Vol. 5, Iss. 1, Art. 6. (In English).

Zatýln, 1998 – *Zatýln K.F.* Nacionalnaia bezopasnost Kazahstana. Problemy i perspektivy [National security of Kazakhstan. Problems and prospects.]. M. S. 41–42. (In Russian).

Zýbkova, 2015 – *Zýbkova A.I.* Mágkaia síla Týrsıı: fenomen «soap power» kak instrýment kúltýrnoı diplomatu [Turkey's Soft Power: The Phenomenon of "Soap Power" as a Tool of Cultural Diplomacy] // *Vestnik RÝDN, Seria Politologia*, 2015. – № 2. – S. 52–61. (In Russian).

Yanik, 2004 – *Yanik L.K.* The politics of international exchange: Turkish education in Eurasia // *EuropeAsia Studies*. 2004 Vol.56. NO.2.P.293-307. (In English).

Candemir, 2013 – *Candemir Y.* Turkish Soap Operas: The Unstoppable Boom. Silteme: <https://eurasianhub.wordpress.com/2013/05/02/turkish-addictive-soaps-operas-the-unstoppable-boom/>. (Date viewed: 26.03.2025). (In English).

Kýrtov, 1997 – *Kýrtov A.* Týrsia i túrkioazychnye gosýdarsta Sentralnoı Azıı: lúbov po raschetý? [Türkiye and the Turkic-speaking states of Central Asia: love of convenience?] // *Rossia i Týrsia na poroge XXI veka: na pýtı v Evropý ılı Evraziý?* M. Vyp. 14. S. 25. (In Russian).

Qazaqstan men Túrkıa kinoındýstriasy., 2022 – Qazaqstan men Túrkıa kinoındýstriasy salasyndaǵy yntymaqtastyq [Cooperation in the film industry of Kazakhstan and Turkey]. Silteme: <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/509698-aza-stan-men-t-rkiya-kino-industriyas-salasynda-y-yntyma-tasty-ty-ny-ajtpa>. (Qaralǵan ýaqyty: 22.02.2025). (In Kazakh).

Laýmýln, 2003 – *Laýmýln. M.* Islamskie igrokı na sentralnoaziatskom pole: interesy blijaishih mysýlmanskıh gosýdarstv v stranah regiona [Islamic players in the Central Asian field: the interests of the nearest Muslim states in the countries of the region] // *Sentralnaia Azıa i Kavkaz*. 2003. – №2. – S. 69. (In Russian).

Lı, 1997 – *Lı İy.A.* Týrsia i túrkskie narody SNG: sotrıdnichestvo v sfere kúltýry obrazovania [Türkiye and the Turkic Peoples of the CIS: Cooperation in the Sphere of Culture and Education] // *Rossia i Týrsia na poroge XXI veka: na pýtı v Evropý ılı Evraziý?* M. 1997. Vyp. 14. S. 97. (In Russian).

Mýkımdjanova, 2005 – *Mýkımdjanova P.M.* Strany Sentralnoı Azıı. Aziatskı vektor vneshnei politiki. [Central Asian countries. Asian vector of foreign policy]. M. S.50–51. (In Russian).

Pultar, Kirtunc, 2004 – *Pultar G., Kirtunc.A.L.* Cultural Studies in Turkey: Education and Practice // Silteme: https://www.researchgate.net/publication/242178585_Cultural_Studies_in_Turkey_Education_and_Practice. (data prosmotra: 12.04.2025). (In English).

Starodýbsev, 2012 – *Starodýbsev I.I.* Nekotorye teoreticheskie podhody k formirovaniý týreskoı vneshnei politiki v Sentralnoı Azıı v monografıı A. Davýtoglý «Strategicheskaja glýbina» [Some theoretical approaches to the formation of Turkish foreign policy in Central Asia in the monograph by A. Davutoglu “Strategic Depth”]. // <http://www.iimes.ru/rus/stat/2012/07-06-12a.htm>. (data prosmotra: 22.03.2025). (In Russian).

Tokaev, 2000 – *Tokaev K.K.* Vneshnáá politika Kazahstan v ýsloviakh globalizatsıı [Foreign policy of Kazakhstan in the context of globalization.]. Almaty, 2000. 584 s. (In Russian).

Han, 2001 – *Han G.B.* Vneshnáá politika Respýblikı Kazahstan [Foreign policy of the Republic of Kazakhstan.]. Almaty, 2001. – S. 245–263. (In Russian).

¹Талдыбаева Д.А. ²Эгамбердиев М.Ш.

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

E-mail: ¹mirzahan.egamberdiyev@gmail.com, ²dinara.aydarkhan@gmail.com

АНАЛИЗ ТУРЕЦКОЙ КИНОИНДУСТРИИ КАК ИНСТРУМЕНТА ПОЛИТИКИ «МЯГКОЙ СИЛЫ» В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Одним из направлений взаимоотношений Казахстана и Турции является укрепление культурных связей. Это позволяет развивать культурные, образовательные и иные связи между двумя странами. Помимо прочего, рассмотрение отношений турецкой киноиндустрии со странами Центральной Азии и Казахстаном как политики мягкой силы является ярким проявлением народной дипломатии между странами. В то же время использование Турцией своей развитой киноиндустрии в качестве мягкой силы вносит большой вклад в развитие культурной ситуации и киноиндустрии в регионе, а также в установление взаимодействия путем продвижения общих тюркских ценностей. Целью статьи является анализ турецкой киноиндустрии как инструмента политики мягкой силы между Центральной Азией и Казахстаном. Для изучения турецкой киноиндустрии как «мягкой силы» были изучены специальные исследования и экспертные анализы, а также сопоставлены статистические данные. В результате принятия Турцией киноиндустрии в качестве сферы публичной дипломатии анализируется как политический инструмент, который дал большие результаты в регионе. Это укрепит взаимное сотрудничество между братскими странами и позволит культурным связям выйти на новый уровень. В заключение следует отметить, что развитие киноиндустрии между Турцией, Центральной Азией и Казахстаном является основой для развития публичной дипломатии в новом формате. Он также определяет стратегические планы развития культурных связей между странами.

Ключевые слова: Турция, Казахстан, Центральная Азия, киноиндустрия, публичная дипломатия, политика мягкой силы, культура, международные отношения.

¹Taldybaeva D.A. ¹Egamberdiyev M.Sh.

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹mirzahan.egamberdiyev@gmail.com, ²dinara.aydarkhan@gmail.com

ANALYSIS OF THE TURKISH FILM INDUSTRY AS AN INSTRUMENT OF THE "SOFT POWER" POLICY IN CENTRAL ASIA AND KAZAKHSTAN

Abstract. One of the areas of relations between Kazakhstan and Turkey is the strengthening of cultural ties. This allows developing cultural, educational and other ties between the two countries. Among other things, considering the relations of the Turkish film industry with the countries of Central Asia and Kazakhstan as a soft power policy is a vivid manifestation of public diplomacy between the countries. At the same time, Turkey's use of its developed film industry as a soft power makes a great contribution to the development of the cultural situation and the film industry in the region, as well as to the establishment of interaction by promoting common Turkic values. The purpose of the article is to analyze the Turkish film industry as an instrument of soft power policy between Central Asia and Kazakhstan. To study the Turkish film industry as a "soft power", special studies and expert analyses were studied, and statistical data were compared. As a result, Turkey's adoption of the film industry as a public diplomacy area is analyzed as a political tool that has yielded great results in the region. It will strengthen mutual cooperation between the fraternal countries and allow cultural ties to reach a new level. In conclusion, it should be noted that the development of the film industry between Turkey, Central Asia and Kazakhstan is the basis for the development of public diplomacy in a new format. It also determines the strategic plans for the development of cultural ties between the countries.

Keywords: Türkiye, Kazakhstan, Central Asia, film industry, public diplomacy, soft power policy, culture, international relations.

Авторлар туралы ақпарат:

Талдыбаева Динара Айдарханқызы, докторант, Шығыстану факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Эгамбердиев Мирзахан Шәріпбайұлы, доцент, Шығыстану факультеті Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Талдыбаева Динара Айдархановна, PhD докторант, факультет востоковедения, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби Алматы, Казахстан.

Эгамбердиев Мирзахан Шарипбаевич, доцент, факультет Востоковедения, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Taldybaeva Dinara Aidarkhanovna, Phd student, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Egamberdiyev Mirzakhan Sharipbayevich – Associate Professor, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.